

## Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 22 қаңтарда № 2523 болып тіркелді

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 11.10.2023 № 7/56-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына, "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5675) сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 12.04.2018 № 19/216-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 05.10.2016 № 6/58-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Шығыс Қазақстан облысының жер беті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкалары туралы" 2005 жылғы 31 мамырдағы № 11/158-III (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген № 2378, "Дидар" газетінің 2005 жылғы 21 маусымдағы № 61, "Рудный Алтай" газетінің 2005 жылғы 23 маусымдағы № 94 сандарында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 11.10.2023 № 7/56-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	169,4
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге /1000 текше метр	486,8
3	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 текше метр	137,1
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 текше метр	137,1
5	Су энергетика	теңге /1000 киловатт-сағат	51,1
6	Су көлігі	теңге /1000 тонна-километр	18,9